

Қазақстан Республикасының теңізінде және сақтық аймағында жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау, келісу және оларды таңдау туралы шешім қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 353 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 қыркүйекте № 24232 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 398-бабы 7-тармағының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының теңізінде және сақтық аймағында жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау, келісу және оларды таңдау туралы шешім қабылдау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Қазақстан Республикасының теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 157 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17004 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында

көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрі

М. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2021 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 353 Бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының теңізінде және сақтық аймағында жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау, келісу және оларды тандау туралы шешім қабылдау қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының теңізінде және сақтық аймағында жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау, келісу және оларды таңдау туралы шешім қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 398-бабы 7-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының теңізінде және сақтық аймағында жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау, келісу және оларды таңдау туралы шешім қабылдау тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар:

1) мұнай дағын бақылап жағу – бұл жүзбелі мұнай дағын жағу үшін пайдаланылатын мұнайдың авариялық төгілуін жою (бұдан әрі – МАТЖ) әдістерінің бірі, оны механикалық құралдар мен химиялық жинауыштар көмегімен тоқтатуға болады;

2) хердерлер – мұнайдың төгілуін жою әдістерінің көмегімен судың бетін кейіннен тазарту үшін мұнай дағын қатайтуға және қалыңдатуға қабілетті беттік-белсенді заттар;

3) объектілік жоспарлар – кемелерді меншік иелерін қоспағанда, ұлттық және тиісті облыстардың аумақтық жоспарлары, сондай-ақ мұнайдың төгілу қаупін бағалау негізінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшелерімен келісілетін, мұнайдың төгілу қаупі бар объектілердің меншік иелері әзірлеген теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою бойынша дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлар;

4) сақтық аймағы – теңіздің жағалау сызығынан құрлыққа қарай бес километрге созылып жатқан, теңізге мұнайдың төгілуі салдарынан ластануы немесе теңіздің ластану көзі болуы мүмкін құрлық аймағы;

5) мұнай төгілу қаупі бар объектілерге – теңіз объектілері, теңіз порттары және кемелер жатады;

6) теңіз объектілері – жасанды аралдар, бөгеттер, құрылысжайлар, қондырғылар, құбыржолдар және теңізде көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіруді жүргізу кезінде пайдаланылатын объектілер;

7) жиынтық экологиялық пайданы талдау (бұдан әрі – ЖЭПТ) – МАТЖ ең оңтайлы әдістерін таңдау процесі, олардың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау;

8) ЖЭПТ негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін алдын ала айқындау – жиынтық экологиялық пайдаға толыққанды талдау жүргізуге, мұнайдың

төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін таңдауға және оларды қолдануға келісуге мүмкіндік беретін, мұнайдың төгілуіне әзірлікті қамтамасыз ету жөніндегі шара ретінде Объектілік жоспарды әзірлегенге дейін жүзеге асыруы;

9) ЖЭПТ негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындаудың жедел тәртібі – мұнайдың авариялық төгілуі туындаған және жойылған кезде жедел жұмыс кезеңінде барынша қысқа мерзімде және талап етілетін барынша аз деректерімен жүзеге асырылатын ЖЭПТ, мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін таңдау және оларды қолдануды келісу тәртібі;

10) жедел штаб – мұнайдың төгілуін жою жөніндегі уақытша құрылған штаттан тыс бақылау органы, егер қосымша күштер мен құралдарды тарту және қызметтер мен құрылымдарды үйлестіру қажет болған, мұнай төгілуін жою жөніндегі іс-әрекеттерді келісу қажет болған жағдайда құрылады;

11) мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйым – шарт негізінде қызмет көрсететін құрлықтағы және теңіздегі көмірсутек кен орындарындағы төгілулердің алдын алу және жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тиісті рұқсаты бар ұйым, дайындалған персонал мен техникалық жарамды ресурстар.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мұнайдың төгілуі деп мұнай өнімдерінің төгілуі де түсініледі.

4. Қазақстан Республикасының теңізінде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін мынадай:

1) бақылау және бағалау;

2) су бетінен мұнайды механикалық тежеу және жинау (сезімтал ресурстардан мұнай дағының ауытқуын қоса алғанда);

3) мұнай дағын бақылап жағу;

4) химиялық құралдарды қолдану;

5) сақтық аймағын қорғау және тазарту әдістері қолданылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мұнайдың төгілуіне дайындықты қамтамасыз ету кезінде ресурстардың саны мұнайдың төгілуінің ықтимал тәуекелінің көлеміне сәйкес келуі тиіс, бірақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген теңізде және сақтандыру аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті ең төменгі нормативтерде белгіленген талаптардан және ресурстарға қойылатын

талаптардан кем болмауы қажет (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16951 болып тіркелген). Мұнайдың төгілу деңгейі бойынша мұнайдың ықтимал төгілу көлемдері ҚР СТ ИСО 17776:2004 "Мұнай және газ өнеркәсібі. Теңіз кен орындарынан өндіруге арналған қондырғылар. Тәуекелді бағалаудың қауіптілігін анықтау үшін құралдар мен әдістерді таңдау бойынша нұсқаулық" сәйкес тәуекелдерді бағалау негізінде айқындалады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. ЖЭПТ әзірлеу және МАТЖ әдістерін қолдану кезінде Халықаралық теңіз ұйымы, Мұнай-газ өнеркәсібі өкілдерінің қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі халықаралық қауымдастығы, Материалдар және оларды сынау бойынша америкалық қоғам, Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым әзірлеген халықаралық тәжірибелер мен стандарттарды пайдалану ұсынылады.

2-тарау. Жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау, келісу және шешім қабылдау тәртібі

1-параграф. Жиынтық экологиялық пайдаға талдау жүргізу кезеңдері

7. ЖЭПТ негізінде МАТЖ әдістерін айқындау және таңдау кезінде адамның денсаулығы мен қоршаған ортаны барынша қорғауды бағдарлау қажет.

8. ЖЭПТ әзірлеу кезінде басқа да ұйымдардың, ғылыми-зерттеу институтының мамандары тартылады.

9. ЖЭПТ өткізуі келесі кезеңдерді қамтиды:

1) ақпаратты жинау және бағалау:

мұнайдың авариялық төгілуінің жағымсыз әсеріне шалдыққан табиғи орта, жануарлар мен өсімдіктер, төгілген мұнайдың физикалық және химиялық сипаттамалары, сақтық аймағындағы геоморфологиялық объектілер, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың мемлекеттік кадастрына енгізілген сезімтал экожүйелеріне мұнайдың авариялық төгілуінің ықтимал әсері және аймақтың әлеуметтік-экономикалық объектілері туралы (балық шаруашылығы, рекреациялық аймақтар, су жинау ғимараттары және т.б.), оның ішінде, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне және олардың тіршілік ету ортасына келтірілетін ықтимал залал туралы;

табиғи ортаның салыстырмалы маңыздылығы, мұнайдың әсерінен оны табудың рұқсат етілген уақыты, табиғи ортаны қалпына келтіруге кететін уақыт туралы;

эксперименттік деректер және орын алған мұнай төгілулері туралы, сондай-ақ қолданылған МАТЖ әдістері туралы;

салыстырмалы талдау жүргізу жолымен осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес МАТЖ әдістерінің мүмкіндіктері мен шектеулері туралы;

2) мұнай дағының ауа райы және климат жағдайларына қарай таралуы мен қозғалысын математикалық және/немесе компьютерлік үлгілеу негізінде мұнай төгілуінің ықтимал сценарийлерін әзірлеу арқылы мұнай төгілуінің ықтимал әсерін болжау және оларды жою әдістерін айқындау.

Келесі ресурстар бойынша мұнайдың авариялық төгілуінің ықтимал әсерін болжау: құстар мен итбалықтар – мұнай дағының масштабы мен тұрақтылығы;

балық шаруашылығы және теңіз флорасы мен фаунасы – мұнайдың шоғырлануы және әсер ету ұзақтығы;

демалуға арналған жағажайлар, биологиялық өнімділік аймақтары, су алу имараттары-мұнайдың авариялық төгілу масштабы, сақтандыру аймағының түрі, мұнай қабыршағының қалыңдығы;

3) экологиялық және әлеуметтік салдарға байланысты МАТЖ әдістерінің мүмкіндіктері мен шектеулерін бағалау:

қоршаған ортаны қорғау және мұнай дағының жою басымдықтарын таңдау кезінде ымыралы шешімдер іздеу;

МАТЖ әдістерін таңдау кезінде ымыралы шешімдер іздеу;

4) мұнайдың авариялық төгілуінің сценарийіне қарай МАТЖ оңтайлы әдісін таңдау немесе оларды комбинациялау.

10. Мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау ЖЭПТ негізінде жүзеге асырылады.

11. ЖЭПТ негізінде мұнайдың төгілуіне әсер етудің ең жақсы әдістерін айқындау алдын-ала және (немесе) жедел мұнай төгілуінің орын алуы және әрекет ету жағдайында жүзеге асырылады.

12. ЖЭПТ негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін алдын ала айқындау ЖЭПТ әрбір кезеңі бойынша ақпарат пен деректерді қамтитын есеп түрінде ресімделеді. ЖЭПТ негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындаудың жедел тәртібі қолда бар деректер мен жедел ақпаратқа сүйене отырып жүзеге асырылады, ЖЭПТ негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау жөніндегі мұндай есеп мұнайдың төгілуі салдарын жұмсартуды бағалау матрицасын қоса бере отырып, қысқартылған түрде ұсынылады.

13. Мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін қолдану және келісу жөніндегі іс-қимылдар алгоритмі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

14. ЖЭПТ негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау белгілі бір типтік жағдайлар: жыл мезгілі, теңіз тереңдігі, өзгерістерді талап етпейтін жер үшін мұнайдың төгілуін жоюдың жалпылама тәсілі ретінде қарастырылады.

2-параграф. Жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін алдын ала айқындау, келісу және шешім қабылдау

15. ЖЭПТ негізінде МАТЖ-ның оңтайлы әдістерін алдын ала айқындау алдын ала келісім алуға және ЖЭПТ айқындалған әдістерге сәйкес келетін ресурстар мен персоналдың дайын болуын қамтамасыз етуге, тасымалдау тәсілдері мен орналасу орындарын айқындауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының теңізінде және сақтандыру аймағында мұнайдың төгілуін жоюға әзірлікті және іс-қимылды қамтамасыз етудің Ұлттық жоспарына сәйкес Объектілік жоспарды әзірлеу кезінде талап етілетін мәселелерді пысықтауға мүмкіндік береді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. ЖЭПТ негізінде МАТЖ оңтайлы әдістерін алдын ала анықтау теңіз объектілері мен порттар үшін 5 жыл мерзімділігімен талап етіледі. Кәсіпорындағы ЖЭПТ негізінде оңтайлы МАТЖ әдістерін алдын ала айқындау тәртібі ішкі процедуралар және регламенттерде анықталады.

17. Егер жергілікті атқарушы орган кемелерден мұнайдың төгілуін жою және шығу тегі белгісіз қызметтерді көрсету үшін мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдарды шарт негізінде тартса, олардың алдын ала ЖЭПТ жүргізуі қажет.

Кемелерден және шығу тегі белгісіз мұнайдың төгілуі үшін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен келісілген ЖЭПТ теңіздегі және облыстың сақтандыру аймағындағы мұнайдың төгілуін жою жөніндегі дайындық пен іс-қимылдарды қамтамасыз етудің аумақтық жоспарының бөлігі болып, сондай-ақ мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдарының Объектілік жоспарын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. ЖЭПТ негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау жөніндегі есеп (бұдан әрі – Есеп) қарар бөлігінде мұнайдың төгілуі салдарын жұмсартуды бағалаудың толтырылған матрицасын қамтиды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қарауға және келісуге ұсынылады.

19. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Есепті 30 жұмыс күні ішінде қарайды және мұнайдың төгілуін жою әдістерін келісуді сұратқан тиісті хатты жіберу арқылы оны келіседі немесе келіспейді. Оңтайлы әдістерді келісу мүмкін болмаған кезде пысықтауды талап етумен немесе осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген мүдделі уәкілетті органдармен қосымша келісу қажеттілігімен келісуден бас тартудың дәлелді негіздемесі жіберіледі.

Оларды қолданудың мынадай әдістері мен шарттарының болуы бас тартуға негіз болып табылады:

- 1) елді мекеннен 5 километрден кем қашықтықта мұнай дағын жағу;
- 2) өртеуге жататын мұнай дағын оқшаулау мақсатында хердер қолдану;
- 3) судың тереңдігі 10 метрден кем және жағадан 1 километрден кем қашықтықта диспергенттерді қолдануға жол берілмейді.

20. Қоршаған ортаны қорғау, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, су қорын қорғау және пайдалану, және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдардың Есепті келісуі келесі жағдайларда:

- 1) мұнай дағын жағу кезінде, елді мекеннен 5 шақырымға жетпеген қашықтықта;
- 2) өртеуге жататын мұнай дағын оқшаулау мақсатында хердерлерді қолдану кезінде ;
- 3) судың тереңдігі 10 метрден кем және жағадан 1 километрден кем қашықтықта диспергенттерді қолданған кезде ғана талап етіледі.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Есепті келісу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген мүдделі мемлекеттік органдармен тұрақты жұмыс істейтін жұмыс тобын шақырады, сондай-ақ дауыс беру құқығынсыз жергілікті атқарушы органдарды, есеп берген компанияны және қажет болған кезде ЖЭПТ негізінде МАТЖ-тың оңтайлы әдістерін айқындау, сондай-ақ шешімдер матрицасын толтыру жөнінде білімі бар ғылыми-зерттеу институттары мен сарапшыларды шақырады.

22. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган тұрақты жұмыс тобы шақырылғанға дейін танысу және қарау үшін Есепті 30 күн бұрын жібереді. Жұмыс тобы жарты жылда кемінде бір рет шақырылады.

23. Жұмыс тобының отырысында Есеп пен МАТЖ оңтайлы әдістерін іріктеу бойынша негіздемесі тыңдалады, сондай-ақ мұнайдың төгілуі салдарын жұмсартудың бағалау матрицасы қаралады.

24. Жұмыс тобының мүшелері МАТЖ оңтайлы әдістерін таңдау бойынша консенсусқа келуі қажет. Шешім жұмыс тобы мүшелерінің абсолютті көпшілік дауысымен қабылданады және хаттама түрінде ресімделеді.

25. ЖЭПТ келісуі Объектілік жоспарға енгізу және инцидент туындаған кезде мұнайдың төгілуін жоюдың іріктелген оңтайлы әдістерін қолдану үшін негіз болып табылады.

26. Қабылданған хаттама негізінде МАТЖ-ның оңтайлы әдістері келісілген болып саналады, оған сәйкес компания осы оңтайлы әдістерді Объектілік жоспарға әзірлеуге және енгізуге кіріседі.

3-параграф. Жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін жедел айқындау, келісу және шешім қабылдау

27. ЖЭПТ негізінде оңтайлы МАТЖ әдістерін жедел айқындау келесі жағдайларда: осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, кемелерден мұнайдың авариялық төгілуі және шығу тегі белгісіз мұнай төгілуінің орын алуы;

егер МАТЖ-ның оңтайлы әдістерін айқындау теңіз объектілері мен порттардан мұнайдың төгілуі кезінде жүргізілмесе;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерінің МАТЖ әдістерін олардың тиімсіздігіне байланысты қайта қарау туралы талаптары жүзеге асырылады.

28. ЖЭПТ негізінде оңтайлы МАТЖ әдістерін жедел айқындау үшін келесі ақпарат қажет:

төгілудің мөлшері мен орны;

мұнай сипаттамасы (тығыздығы, тұтқырлығы, қату және жану температурасы);

ағымдағы және болжамды гидрометео жағдайлар (жел мен ағыс жылдамдығы, қоршаған орта температурасы);

дақтың дрейф болжамы (жағалауға және жағалаудағы құрылымдарға, таяз суға, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жету уақыты);

мұнайдың төгілуіне сезімтал экологиялық аудандарды/объектілерді және әлеуметтік-экономикалық объектілерді қорғаудың басымдығы.

Мұнайдың төгілуі кемелерден және шығу тегі белгісіз болған кезде ЖЭПТ жүргізу үшін ақпарат жинау жөніндегі іс-қимылдар осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

29. Кемелерден мұнайдың төгілуі кезінде және шығу тегі белгісіз болған кезде мұнайдың төгілуін жоюды Қазақстан Республикасының теңізінде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жоюға әзірлікті және іс-қимылды қамтамасыз етудің Ұлттық жоспарының (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) талаптарына сәйкес тиісті облыстың әкімдігі шарт негізінде тартатын мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Кемелерден мұнайдың төгілуі және шығу тегі белгісіз болған кезде МАТЖ-ның оңтайлы әдістерін жедел анықтауды мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйым жүзеге асырады. Әдістерді қолдануға келісу келесі жағдайларда тиісті облыстың қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органының аумақтық бөлімшесін хабарлау арқылы:

судың тереңдігі 10 метрден астам және жағадан 1 километрден астам қашықтықта диспергенттерді қолданған кезде;

елді мекеннен 5 километрден астам қашықтықта мұнай дағын жағу кезінде;

өртеуге жататын мұнай дағын оқшаулау мақсатында хердерлерді қолдану кезінде жүзеге асырылады.

31. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органнан келіп түскен ақпарат бойынша жергілікті атқарушы орган облыс әкімінің өкімі негізінде келесі құрамда ЖЭПТ негізінде МАТЖ әдістері бойынша шешім қабылдау, келісу және айқындау жөніндегі жедел жұмыс тобын дереу шақырады:

1) әкім немесе әкімнің орынбасары – ЖЭПТ негізінде МАТЖ әдістерін айқындау жөніндегі жедел жұмыс тобының жетекшісі;

2) жергілікті атқарушы орган;

3) қоршаған ортаны қорғау, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, су қорын қорғау және пайдалану, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелері;

4) мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі мамандандырылған ұйым немесе теңіздегі қондырғы немесе осы объектілерден мұнай төгілген жағдайда порт, кеме иесі немесе кеме капитаны;

5) қажет болған жағдайда ғылыми-зерттеу институттары мен сарапшылар.

Жұмыс тобы ЖЭПТ негізінде МАТЖ оңтайлы әдістерін анықтау, сондай-ақ мұнай төгілуінің салдарын жұмсарту бағалау матрицасын толтыру бойынша білімі бар өкілдер қатарынан құрылады.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. ЖЭПТ негізінде МАТЖ оңтайлы әдістерін жедел айқындау, келісу және шешім қабылдау мұнайдың төгілуі анықталған немесе МАТЖ әдістерін қайта қарау туралы мемлекеттік органдардың талаптары түскен сәттен бастап бір сағат ішінде жүзеге асырылады.

33. ЖЭПТ негізінде МАТЖ әдістерін анықтау, келісу және шешім қабылдау жөніндегі жедел жұмыс тобының жұмыс тәртібі:

1) кемелерден және шығу тегі белгісіз мұнай төгілген жағдайда мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйым, осы объектілерден мұнай төгілген жағдайда, теңіз объектісі немесе порт мұнайдың төгілуі туралы ағымдағы мәліметтерді ұсынады (төгілген жердің координаттары, мұнайдың түрі, төгілген мұнай көлемі, ауа-райы және климаттық жағдайлар, қабылданған шаралар);

2) теңіз объектісі немесе порт осы объектілерден мұнай төгілген жағдайда, басқа оңтайлы МАТЖ әдістерін таңдау қажеттілігін негіздейтін, мұнай төгілуін азайтуды

бағалаудың аяқталған матрицасына негіздейтін қосымша қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

3) мұнайдың төгілуі салдарын жұмсартуын бағалау матрицасын жедел жұмыс тобының қатысушылары (теңіз объектісінде немесе портта мұнайдың төгілуі кезінде) толтырады немесе қайта қарайды;

4) МАТЖ оңтайлы әдістері бойынша шешім қатысушылардың абсолюттік көпшілік дауысымен қабылданады. Жұмыс тобына қатысушылардың біреуінің болмауы шешім қабылдауға кедергі болмайды;

5) МАТЖ-ның қабылданған оңтайлы әдістері бойынша кемелерден және шығу тегі белгісіз кемелерден мұнайдың төгілуі кезінде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйым, теңіз объектісі немесе порт ресурстардың болуы тұрғысынан іске асыру мүмкіндігін қарайды. Белгілі бір ресурстардың болмауы және қосымша жабдықтарды тартуға жәрдем көрсету қажеттілігі ЖЭПТ негізінде МАТЖ әдістерін айқындау жөніндегі жедел жұмыс тобы шеңберінде шешіледі;

6) жедел штаб/жедел жұмыс тобы отырысының хаттамасын жергілікті атқарушы орган мұнайдың төгілуі салдарларының жұмсартуын бағалау матрицасын қоса бере отырып жүргізеді;

7) кемелерден шыққан және шығу тегі белгісіз мұнайдың төгілуі кезінде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйым, теңіз объектісі немесе порт МАТЖ әдістері бойынша жедел штабтың/жедел жұмыс тобының қабылдаған шешімінің негізінде мұнайдың төгілуін жоюын жүзеге асырады.

34. Егер төгілу кемеден немесе шығу тегі белгісіз төгілу болса, мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістері бойынша келісу және шешім қабылдау осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

35. Егер компания немесе порт аумағында төгілу орын алған болса, мұнайдың төгілуін Жедел тәртіппен жоюдың оңтайлы әдістері бойынша келісу және шешім қабылдау осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

36. ЖЭПТ негізінде МАТЖ әдістерін айқындау жөніндегі жедел жұмыс тобы мұнай төгілуіне байланысты жергілікті, өңірлік немесе жаһандық сипаттағы төтенше жағдай жарияланғанға дейін өз қызметін жүзеге асырады. Мұнайдың төгілуіне байланысты жергілікті, өңірлік немесе жаһандық сипаттағы төтенше жағдай жарияланған кезде ЖЭПТ негізінде мұнайдың төгілуін жою әдістерін айқындау жөніндегі жедел жұмыс тобы мұнайдың төгілуіне байланысты төтенше жағдайды жоюды басқарудың жедел штабының құрамына енгізіледі.

3-тарау. Мұнайдың төгілуін жою әдістері 4-параграф. Бақылау және бағалау

37. Бақылау және бағалау келесі жағдайларда:

1) табиғи-климаттық жағдайларға байланысты мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың басқа әдістерін қолдану мүмкіндігі болмаған кезде;

2) табиғи тазарту мен қалпына келтіруге қарағанда басқа әдістермен көп зиян келтірілген жағдайларда;

3) МАТЖ-тың басқа әдістерін қолдану кезінде олардың тиімділігін бағалап, түзету мақсатында белгіленеді.

38. Бақылау мен бағалау мыналар:

1) жағалау аймағынан, су бетінен, ауадан жүзеге асырылатын көзбен шолып бақылау;

2) телеметриялық аспаптардың, ғарыштық спутниктердің көмегімен жүзеге асырылатын қашықтықтан бақылау арқылы жүзеге асырылады.

39. Осы бақылаулар мен бағалаулар аспаптық мониторингпен сүйемелденеді.

40. Бақылау мен бағалау нәтижелері, сондай-ақ мониторинг барысында алынған ақпарат жазбаша, электрондық немесе дыбыс-бейне нысанда расталады.

5-параграф. Механикалық тежеу және су бетінен мұнай жинау және мұнай дағының бақыланатын жағылуы

41. Механикалық тежеу және су бетінен мұнай жинау мұнайдың төгілуін жоюдың бірінші кезектегі әдісі болып табылады. Егер механикалық жинау және тазалау тиімсіз болса немесе оларды қолдану мүмкін болмаса, жағалау сызығы бойынша мұнаймен ластанған өсімдіктер немесе мұз жағдайларының болуы орын алса, химиялық құралдарды қолдану және мұнай дағының бақыланатын жағылуы қарастырылады.

42. Қолайсыз ауа райы жағдайлары, газ қауіптілігі және күкіртсутегі болған кезде механикалық тежеу және су бетінен мұнай жинау жүргізілмейді немесе персоналдың өмірі мен денсаулығы және жану мен жарылыс қаупі үшін қауіпсіз деңгейге жеткен кезде жүргізіледі.

43. Мұнайдың авариялық төгілуін жою кезінде жиналған мұнайды сақтау үшін барынша мүмкін болатын орындарды қамтамасыз ету қажет. Мұнайды механикалық жинау нәтижесінде пайда болған кемелерден жиналған суды ағызу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісіледі.

44. Мұнай дағын бақылап жағу келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) суда;

2) қорғау аймағындағы құрғақ жерде;

3) қарда немесе мұз жағдайында.

45. Мұнай дағының бақыланатын жағылуы МАТЖ әдісі болып, бақылаумен және отқа төзімді бондық бөгеттермен жүзеге асырылады. Мұнай дағының бақыланатын жағылуы мұнайдың үлкен көлемін және мұзды жағдайларда мұнайды жою кезінде МАТЖ-ның тиімді әдісі болып табылады.

46. Мұнай дағын бақыланатын жағу елді мекеннен кемінде 5 километр қашықтықта жүзеге асырылады. Қауіпсіз арақашықтық түтін түтігінің пайда болуына байланысты

мұнай тайқырын бақылаумен жағу жұмыстары кезінде халықтың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында белгіленеді.

47. Мұнай дағын бақылап жағудың тиімділігіне мұнай дағының қалыңдығы кемінде 3 миллиметр болғанда қол жеткізіледі. Мұнай дағының жеткілікті қалыңдығы отқа төзімді бондық бөгеттердің көмегімен қамтамасыз етіледі, олар жағу, сондай-ақ хердерлерді қолдану кезінде мұнайдың таралуын шектеу функциясын орындайды.

48. Мұнай дағын бақылап жағуды жүргізуді бастар алдында келесі ақпаратты қамтитын мұнай дағын бақылап жағуды жүргізу жоспары:

1) мұнай дағын жағу процесінің бақылаудан шығу қаупі шамалы болған кезде жануды дереу тоқтату үшін жеке қорғану құралдарымен және ресурстармен қамтамасыз етуді қоса алғанда, тәуекелдерді бағалау және басқару, ден қою жөніндегі персонал бойынша қабылданатын шараларды жан-жақты сипаттай отырып, мұнай дағын бақыланатын жағуды жүргізу орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспары;

2) халықтың денсаулығын сақтау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мұнай дағын бақыланатын жағу жөніндегі жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз қашықтығы туралы ұсыныстары;

3) мұнайдың төгілуі туралы жан-жақты ақпарат, оның ішінде мұнай дағын жоспарланған бақыланатын жағудың орналасқан жері, мұнай түрі (оның ішінде эмульсиялаудың болжамды дәрежесі көрсетіледі) және мұнай көлемі бойынша бағалау деректері: мұнай дағын бақыланатын жағу арқылы жойылған төгілген мөлшері;

4) жауын-шашынды, желдің жылдамдығын, ауа температурасын, теңіздің жай-күйін қоса алғанда, мұнай дағын жоспарлы бақыланатын жағу кезіндегі ауа райы жағдайларының болжамы;

5) мұз қабатының пайызы, теңіздің жай-күйі;

6) ұсынылып отырған өртеу жүйесі;

7) пайдалануға ұсынылып отырған мамандандырылған жабдықтар;

8) кемелер мен көлік құралдарын қоса алғанда, мұнай дағының бақыланатын жағылуын қамтамасыз етуге арналған ұсынылатын қосымша материалдар мен құралдар ;

9) 16 километр қашықтықта елді мекендердің немесе 32 километр қашықтықта әуежайлардың бар-жоғы туралы ақпарат;

10) жанбаған қалдықты жинаудың, сақтаудың және кәдеге жаратудың ұсынылатын тәсілі;

11) 5 километр радиуста жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің мекендеу орындарының болуы туралы ақпарат;

12) ауада түтін шлейфінің қозғалыс бағытын тексеру, растау және мұнай дағын бақыланатын жағу жүргізілгенге дейін оның шашырауы үшін сынамалы жағу жүргізу нұсқалары, сынамалы жағу жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда әзірленеді.

Ескерту. 48-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Мұнай дағын бақылап жағуды жүргізу жоспарын кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу қаупі бар объект, кемелерден мұнайдың төгілуі кезінде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдар әзірлейді және оны тиісті деңгейдегі жедел штаб басшысы бекітеді. Мұнай дағын бақылап жағуды жүргізу жөніндегі жоспарды тиісті деңгейдегі жедел штаб басшысы толықтыруы немесе өзгертуі мүмкін.

50. Төгілген мұнайды жағу үшін дақтың тұтану сәтіне дейін бастапқы қызуын қамтамасыз ету үшін тұтандырғышты пайдалану қажет.

51. Мұнай дағын оқшаулау және өртеу тәсіліне байланысты тиісті жабдық таңдалады.

52. Мұнай дақтарын бақыланатын жағу кезінде қолданылады:

екі кемемен ашық суда немесе жұқа мұз жағдайында мұнайдың төгілуін оқшаулау, мұнай қабатын кейіннен өртеу және жағу мақсатында қалыңдату үшін сүйретуге болатын отқа төзімді бондық бөгеттер;

тұндырғыштардағы, мұнай ұстағыштардағы немесе ашық су айдындарындағы су бетінен мұнай өнімдерін алуға арналған мұнай жинаушылар (скиммерлер), мұнай жинаушыларының саны мұнайдың төгілу көлеміне байланысты.

53. Скиммерлер мен бондық бөгеттерден басқа, мұнайдың төгілуін жою кезінде қосымша құралдар қажет болуы мүмкін, олар:

кеңейтуге, басқаруға және шығаруға арналған жұмыс платформалары скиммерлер мен бондар;

жиналған сұйықтықтар мен қатты заттарды сақтауға арналған ыдыстар;

жиналған сұйықтықты қоймаға айдауға арналған сорғылар;

тасымалдауға және (немесе) жоюға арналған құрылғылар;

мониторингті орындау үшін әуе кемесі;

қауіпсіздікті қамтамасыз ету кемелері;

жағалауды қорғауға және тазартуға арналған жабдық;

қосымша жабдықтар (шлангілер, төсемдер, қосқыштар, адаптерлер және т.б.).

6-параграф. Химиялық құралдарды қолдану, сондай-ақ сақтық аймағын қорғау және тазарту

54. Осы Қағидаларда келесі химиялық құралдар қарастырылады:

1) диспергенттер;

2) херделер;

3) сорбенттер.

55. Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін мұнайдың төгілу қаупі бар объектілердің меншік иелерімен Ұлттық жоспардың талаптарына сәйкес химиялық құралдарды қолдану туралы есеп ұсынылады.

56. Химиялық құралдарды пайдалану туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі хабардар етіледі.

57. Диспергенттерді қолдану толқындардың әсерінен табиғи диспергирлеу жылдамдығын мен дәрежесін арттырады. Мұнай дағына шашыраған кезде диспергент мұнайға сіңеді.

58. Диспергенттер су бағанындағы мұнайды биодеградациялаудың табиғи процестерін жеделдету және мұнай өнімдерінің төгілу ауданындағы шоғырлануын төмендету, теңіз ортасының массасын және атмосферамен энергия алмасуын қалпына келтіру, төгілудің өрт қаупін азайту, жағалау белдеуінің ластануын болдырмау, теңіз құстары мен жануарлар терісінің қауырсын жамылғысына құм, тастар немесе малтатастардың жабысуын болдырмау мақсатында қолданылады.

59. Диспергенттерді қолданудың әлеуетті тәуекелі табиғи диспергирлеу кезінде түзілетін деңгеймен салыстырғанда су бағанындағы диспергирленген мұнайдың токсикологиялық әсерінің жоғары деңгейімен байланысты. Диспергирленген мұнайдың теңіз организмдеріне зиянды әсерінің дәрежесі әсер ету жағдайларына (судың тереңдігі, диспергирленген мұнайдың шоғырлануы, әсер ету ұзақтығы, диспергирлеу және еріту пайызы), сондай-ақ ЖЭПТ кезінде ескерілетін диспергирленген мұнайға кейбір организмдер үшін тән сезімталдыққа байланысты болады.

60. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 19 мамырдағы № 153 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының теңізінде және сақтандыру аймағында мұнайдың авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттер мен хердерлер тізбесіне енгізілген диспергенттерді қолдануға жол беріледі. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22846 болып тіркелген) (бұдан әрі – диспергенттер мен хердерлер тізбесі).

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 10.07.2025 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Диспергенттерді қолдану суда және су астында жүзеге асырылады. Диспергенттерді қолдану кезінде химиялық өнімнің қауіпсіздік паспортын басшылыққа алу қажет. Диспергенттер жанғыш заттар тобына жатады, осыған байланысты олармен жұмыс істеу кезінде ашық отты пайдалануға тыйым салынады. Төгілген мұнайдың жұқа қабыршақтарын өңдеу кезінде (0,01-0,001 мм) отқа төзімді судағы диспергент ерітінділері қолданылады.

62. Су бетінде диспергенттерді қолдану және оларды сұйылту осы Қағидаларға 6-қосымшада көзделген.

63. Диспергенттер тыныш, тыныш теңіз жағдайларында өзгермелі мұнайға шашырайды. Қатты жел болған кезде диспергенттің нысанаға түсуі күрделене түседі. Жылдамдығы 35 тораптан (18 м/с) асатын және толқын биіктігі 5 м дауыл жел ұшақтан диспергентті бүркудің жоғарғы шегі болып табылады.

64. Ауа-райының өте катал жағдайында диспергенттерді қолдануға болмайды. Мұндай жағдайларда мұнайдың жеңіл түрлері табиғи түрде таралады.

